



МҰРДАВ- ҚАЗАЛЫ

№62
(2233)
Сенбі
20 шілде
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚР ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНА КЕЛДІ

Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов пен Руслан Рүстемов Қазалы ауданына жұмыс сапарымен келді. Іс сапар аясында аудан орталығында жүргізіліп жатқан бірқатар құрылыс нысандарын аралап, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Сенат депутаттары алдымен Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығындағы халықтың әлеуметтік осал топтары үшін салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылыс жұмыстарын көрді. Мұнда қазіргі

таңда 150 пәтерлі 75 тұрғын үйдің құрылысы қарқынды жүрде. Тұрғын үйлердің құрылыс жұмыстары биыл күз айында аяқталып, тұрғындар игілігіне пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Халық қалаулылары одан кейін «Жанқожа батыр» кесенесіне барып, кесене аумағында жүргізілген абаттандыру жұмыстарымен танысты. Бұл туралы аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет айтып өтіп, батыр бабаның 250 жылдық мерейтойы аясында бабаға арнап еңселі ескерткіш орнату жұмыстары

атқарылып жатқандығын баяндады. Мұнан соң, депутаттар аудан әкімдігі ғимаратында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауда тұрғындар жер мәселесі, саз карьерін ашу, аудандық ауруханаға КТ және МРТ аппаратын алу сынды өзекті мәселелерін айтты. Депутаттар бұл мәселелер бойынша қазіргі таңда жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізді. Айта кетейік, Сенат депутаттары қабылдаудан кейін Әйтеке би кентіндегі «Жеңіс»

саябағына барып, орталық саябаққа жүргізілетін абаттандыру жұмыстарының жобасымен, «Жеңіс» саябағының ішіндегі бой көтеріп жатқан спорт кешенінің құрылысымен танысты. Спорт кешенінің құрылысы жайында баяндаған аудан басшысы алдағы уақытта саябақ ішінен ойын және спорт алаңдары, бассейн, тағы да басқа тұрғындардың бос уақыттарын тиімді өткізу бағытында салынатын түрлі нысандардың жобаларын арнайы әзірленген стенд арқылы таныстырды.

ОБЛЫС ПРОКУРОРЫ АУДАН КӘСІПКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Ожаров ауданға жұмыс сапарымен келіп, кәсіпкерлермен кездесті. Аудан әкімдігінің мәжіліс залында өткен жиынды аудан басшысы Мейрамбек Шермағанбет жүргізіп, облыс прокурорын кәсіпкерлерге таныстырып, бүгінгі кездесудің маңызына тоқталды. Кәсіпкерлігі дамыған Қазалы ауданында кәсіп бастаймын деген азаматтарға жан-жақты қолдау көрсетілетіндігін айтты. Түрлі мемлекеттік бағдарламалар арқылы кәсіпкерлерді қолдау мақсатында грант қаражаттары беріліп жатқандығын баяндады. Сондай-ақ, аудан басшысы өз сөзінде кәсіпкерлік саласындағы қол жеткізіп жатқан оң нәтижелермен қатар аудан көлеміндегі түрлі құқықбұзушылықтардың алдын алуда атқарылып жатқан жұмыстарға да тоқталып өтті. Мұнан кейін облыс про-



куроры Ризабек Кәрімұлы сөз алып, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау басым бағыттардың бірі екенін атап өтті. Сондай-ақ бұл бағытта облыс көлемінде бірқатар жұмыстардың атқарылып жатқанын және кәсіпкерлердің

құқықтарын қорғау бағытында аудандық прокуратура жанынан жергілікті атқарушы және уәкілетті орган өкілдерінен құралған мобильді топтың құзыры мен міндеттері туралы кеңінен әңгімеледі. Осы орайда мемлекеттік

органдар тарапынан кәсіпкерлерге қатысты қандайда бір заңсыз әрекеттер, кедергілер мен кәсіпкердің қызметіне заңсыз араласу фактілері орын алған жағдайда мобильді топқа жүгіну қажеттігі түсіндірілді. Кездесуде Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Рза» АҚ-ның президенті Самұрат Имандосов, облыстық мәслихаттың депутаты Ибайдулла Тілеп және аудан кәсіпкерлері кәсіпкерлік саласына қатысты өз сауалдарын қойып, облыс прокуроры тарапынан тиісті жауаптар берілді. Жиынды қортындылаған аудан әкімі ауданымызға кәсіпкерлердің құқықтық сауатын арттыру, мемлекет көрсететін қолдау мен жеңілдіктер туралы ақпарат беру мақсатында келген облыс прокурорына аудан тұрғындарының атынан ризашылығын жеткізді.

МӘЖІЛІСТЕ САЛЫҚ БАЗАСЫН ҰЛҒАЙТУ МЕН ТАЗАЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен салық базасын ұлғайту мәселесі мен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының ауданда орындалу барысы жөнінде арнайы мәжіліс өтті. Мәжілісте аудан әкімі салық базасын ұлғайту жұмыстары күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе екенін айтып, ауданның бюджетіне түсімдердің толыққанды түсуін нәтижелі ұйымдастыру керек екендігін атап өтті. Басқосуда салық базасын ұлғайту жұмыстарының ау-

данда орындалуы жөнінде аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жаңбырбай Табынбай баяндама жасады. Аудан әкімі ауылдық округ әкімдеріне салық төлемеген кәсіпкерлердің тізімін нақтылап оларға белгіленген салықтарын төлету бойынша жұмыс істеуді жүктеді. Сонымен қатар, салық базасын ұлғайтуға байланысты құрылған жұмысшы топтың да жұмысын күшейтуді тапсырды. Мұнан соң күн тәртібіндегі екінші мәселе «Таза

Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының ауданда орындалу барысы туралы Әйтеке би кентінің әкімі Әліби Әбиев баяндама жасады. Аудан басшысы еліміз бойынша жүргізіліп жатқан тазалық акциясы мемлекет басшысының тапсырмасы болғандықтан бұл мәселеге де бей-жәй қарамау қажеттігін ескертті. Осы орайда аудан орталығы - Әйтеке би кентіндегі 7 аймақ пен ауылдық округтердегі тазалық жұмыстарына байланысты бірқатар кемшіліктерді слайд

арқылы көрсетіп, тазалық жұмыстарын ұдайы жүргізіп отыруды тапсырды. Мұнан бөлек тазалық жұмыстарына байланысты рейдтік шараларды да қолға алу керектігін айтты. Сондай-ақ Әйтеке би кенті әкімшілігі мен аудандық полиция бөлімі бірлесе отырып бейнебақылау камералары арқылы белгіленбеген орындарға қоқыс тастаған тұрғындарға айыппұл салып, тиісті шара қолдану керектігін ескертті.

Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі

АУДАН ӘКІМІ ШАЛҒАЙДАҒЫ «САРЫБҰЛАҚ» АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Аудан орталығынан шалғай жатқан елді мекендердің бірі – «Сарыбұлақ» ауылы. Әйтеке би кентінен 110 шақырым қашықтықта орналасқан ауыл халқы негізінен мал шаруашылығымен айналысады.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет «Сарыбұлақ» ауылына арнайы барып, тұрғындармен кездесіп, ондағы әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.

Тұрғындармен кездесуге аудан әкімімен бірге аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудандық

мәслихаттың депутаты Райымбек Бөлебаев және бірқатар бөлім басшылары барды.

Ауылдық клубта өткен кездесуде аудан әкімі алдымен аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстармен алдағы жоспарлары жөнінде қысқаша әңгімеледі.

Мұнан соң ауыл тұрғындарының ұсыныс-пікірлеріне құлақ түрді. Тұрғындар ауылдағы электр желілерінің көнергендігі, шабындық және жайылымдық жер мәселесі және интернет желісіне қатысты мәселелерді қозғады.

Айтылған әрбір ұсынысқа аудан басшысы мен тиісті бөлім басшылары нақты жауап беріп, көтерілген мәселелер жөнінде жұмыстар жүргізіліп жатқандығын жеткізді.

Кездесуде ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сражадин Шамұратов ақсақал ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, сәттілік тіледі.

Кездесуден соң аудан басшысы №78 мектеп ғимараты, ауылдық клуб және дәрігерлік бекет сынды әлеуметтік нысандардың жай-күйімен танысты.

КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ МӘЖІЛІС ӨТТІ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен кадрлық өзгерістерге байланысты мәжіліс өтті.

Жиында аудан басшысы алдымен 14 шілде күні өткен Әйтеке би кенті әкімінің сайлауында халықтың басым дауысымен жеңіске жеткен Әбиев Әліби Берікұлын мәжіліске қатысушыларға таныстырды. Сондай-ақ жаңадан сайланған кент әкіміне аудан орталығының көркейіп, гүлденуіне және әлеуметтік-

экономикалық дамуына аянбай жұмыс істеуді тапсырды.

Мұнан соң аудан әкімдігі жанындағы конкурстық комиссиясының қортындысы негізінде Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінің басшысы қызметіне Алиев Жәнібек Аласұлы және ауысу

тәртібі арқылы Қазалы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және инспекторлық жұмысы бөлімінің басшысы қызметіне Дидаров Абай Әнесұлы тағайындалғанын айтты.

Аудан басшысы жаңа қызметке тағайындалған Әйтеке би кенті әкімі мен бөлім басшыларына елге қызмет ету – абыройлы міндет екенін айтып, алдағы қызметтеріне сәттілік тіледі.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

МҮСІРӘЛІ ҚОЖА СОФЫ ӘЗІЗ

Бірегей тарихи тұлға Мүсірәлі қожа Софы Әзіз 1639 жылы дүниеге келген. Балиғат жасына толғаннан бастап ислам дінін уағыздаушы тұлға. Мүсірәлі қожа Софы Әзіз Бұхар Шәрип, Көкілташ медресесінде 12 жыл оқыған, одан соң Бұхар Шәриптегі жоғары діни оқу орны Бұхар әміріне қарайтын атақты Мірараб медресесінде 8 жыл, Шам шаһарында 5 жыл дәріс алған. Шам шаһарындағы медресені аяқтап, Бұхар Шәрипке қайтып келген. Мүсірәлі қожа Софы Әзіз ислам дінінің сопылық бағыттағы тарихат жолын ұстанған. Бұл кісі дінді насихаттау мақсатында Түркістан қаласы сұлтанына жіберіледі. 1677 – 1679 жылдары Түркістан шаһарында түбі бір түркі мұсылман жұртына ислам философиясы, ислам тарихы, Құран кәрім, хадис, фих, тарихат сопылық бағыттағы ілімдерінен дәріс берген. 1680 жылы үш жүздің және алты алаштың игі жақсылары мен билері, аузы дуалы ақсақалдардың қолдауымен Күлтөбе де Тәуке хан сайланғаннан кейін қазақ билері мен данагөй абыз ақсақалдары ойласа келе, елді діни бағытпен басқаруды қолға алады. Мүсірәлі қожаны үш жүзге ортақ пір етіп сайлайды. Мүсірәлі есіміне Софы Әзіз атағы қосып беріледі.

Мүсірәлінің алты баласы Сүгірәлі, Дербісәлі, Мұхаммед – Дербіс, Сауранбай, Дос, Қосым қожа оның ұлы Әбужәлел пір болған. Мұхаммед - Дербістен бала жоқ. Қалған бесеуінің ұрпақтары Қазақстанның әр түпкірінде өмір сүріп жатыр.

Мүсірәлі атаның кереметтігі оның көріпкелдігі, пірадарлығы, ол хан кеңсесінде өткен пір сайлауының сынағына қатысқан. Әулие қожалардың көріпкелдігін сынауда Мүсірәлі мақтаны үрлеп жандырады. Жиналған билер Мүсірәлінің кереметтігіне қайран қалған. Келесі кезектегі сайыс сиырдың ішіндегі бұзауының түрін, түсін, жынысын, анасының ішінде қандай күйде жатқанын жиналған көпшілікке бұлжытпай айтып беруі керек болған. Ұлы жүздің ғұламасы Айтқожа «бұл сиырдың ішіндегі бұзаудың түсі қара, жынысы ұрғашы, ақтөбел бұзау жатыр» дейді. Орта жүздің ғұламасы Шортанбай қожа «сиыр ішіндегі бұзау ұрғашы, қара бұзау құйрығы ақ» дейді. Кезек Мүсірәлі қожаға келеді. Ол да «сиырдың ішіндегі ұрғашы қара бұзау, құйрығының ағы бұзаудың маңдайына оралып келіп жатыр» дей келе, алдыңғы ғұламалардың сөзін дәлелдей келе нақтылап жауап береді.

Үш ғұламаның айтқанына куә болған халық одан соң сиырды бауыздап, ішін жарып қараса, бұзау қара түсті, ұрғашы, құйрық ұшындағы ағы бұзаудың маңдайына келіп жатыр екен.

Мүсірәлі қожаның тағы бір ерекшелігі, пірлер сайысында ең күрделі сынақ өлі аруақтармен тілдесу. Сол кезде Мүсірәлі «Сайрамда бар сансыз бап, Түркістанда Түмен бап, олармен сөйлесу оңайырақ, олардың бәрі тірі ғайыптар» дейді. Олардан бөлек жеті ұлт өкілдерінің өлі аруақтарымен жеке-жеке тілдесіп, хал жағдайын білген және жамағат куә болған, көріпкелдік қасиетіне тәнті болған. Мүсірәлі қожаның «жеті өлікке жан бітірді» деуі осы әңгіменің желісі негізінде жеті өлікпен тілдесуі Мүсірәлінің шын әулие екенін көрсетеді.

Тәуке хан өзінің би сұлтандарымен пірі Мүсірәлі қожаны хан кеңесіне алдырады.

-20 жылға дейін ашық айқасқа шығуға болмайды. Өйткені біз азайып қалдық. Не болғанда да ортақ келісімге келіп, жоңғарға елші жіберуіміз керек, - дейді Мүсірәлі қожа.

Елшілікке 12 адам дайындалып, жолға жинақталады. Сол кезде Мүсірәлі пір бір орамалға бір уыс мақта, бір уыс мұз және бір уыс шоқты салып құбылаға бет бұрып дұға қылып, үшеуін бір орамалға түйіп береді. →

МҮСІРӘЛІ ҚОЖА СОФЫ ӘЗІЗ

Елшілік жоңғарларға жүріп кетеді. Мейманасы тасыған жоңғар елі елшілікті қабылдамай мазақ етеді, соны сезген елшілік басшысы қолындағы пір берген орамалды жоңғар ханына ұсынады. Жоңғар ханы орамалды ашып көрген кезде, орамал ішіндегі шоқ сөнбеген, мақта жанбаған, мұз ерімеген болып шығады. Хан барлық билер мен уәзірлерін шақырып оның қасиетін сұрайды. Бірақ ешкім бұл жұмбақтың шешуін таба алмайды. Сол мезетте ханның қызы әкесінен рұқсат сұрап, «шешуін мен айтайын» дейді. Ол жұмбақтың шешуі «Қазақ елі үш жүзден тұрады. Ұлы жүз мақтадай жұмсақ, орта жүз мұздай суық, кіші жүз оттай ыстық. Келісімге келсең, достығымыз ақ мақтадай жұмсақ болады, ниетің бұзылса, мұздай қарып, шоқтай жандырамыз және жоңғар елін жер бетінен жоқ қыламыз» деген. Мұны жіберіп тұрған адам тегін емес, бұл қасиет тек ғана

пайғамбар әулетінен келетін іс. Қазақ елі жаңадан ислам дінінің қабылдаған ақ көңіл, пейілі таза, жүрегінде иманы бар халық. Бұл сәлемдемені жіберіп отырған сол елдің ислам дінінің көріпкел әулие қожасының ісі. Мені сол адамға қосыңыз» деп әкесіне қолқа салады. Хан амалсыздан қызына келісім беріп, елшілікті дұрыс қабылдап, келісіммен қайтарады.

Қалмақ қызы ислам дініне кіріп, Мәрия есімін алып, Мүсірәлі Софы Әзізге некелі жар болып, одан кіші жүздің пірі Қосым қожа туады. Әйелі толғақ үстінде қайтыс болып атамыз баланы етегіне салып асыраған екен. Бұл бала өз балаларынан ерекше болып өседі. Бұған қызғана қараған бәйбішесі «пірім, қалмақтың қызынан туған бір Қосымды менен туған ұлдардан артық көрудің себебі не?» деп өкпе айтса керек. Атамыз үйдің алдына өз ұлдарын және Қосымды шақырады.

Әуелі ұлдарына «қане, түзге көз салыңдаршы, не көрінеді, айтыңдаршы» депті. Ұлдары ойлана келе «түзде шаң көрінеді, шамасы жаугершілік болып жатса керек» депті. Ал Қосым болса, «әке бір күншілік жерде сізге бір адам келе жатыр» депті. Ертеңіне сәскеде бір аттылы келіпті. Бәйбіше бұған да қанағаттанбай өкпесі тарқамапты. Одан соң атамыз есік алдына киіз төсеп, оның үстіне ұлдарын шақырады да, «секіріңдер» дейді. Ұлдары секірген кезде әрқайсысынан бір – бірден қорғасын түседі. Ал Қосым секірген кезде оның бойынан ақ киіздің үстіне тоғыз тамшы қорғасын түскен екен.

Ал Қосымның құдыреті мен әруағы тоғыз ұрпағына кетеді. Мұны артық көруінің себебі осы» деп түсіндірген екен.

Бірде Кіші жүз биі Әйтеке Мүсірәлі Софы Әзізге жолығып, «біздің еліміз төменде, ел жаққа жүрмейсіз бе?» дегенде әулие «Жас болса, келіп қалды. Пірілікке мына Қосым жаста

болса жарайды» деп кенже баласын Әйтекенің қарамағына жібереді. Міне, сол уақыттан бері Қосым Әлім руының арасында Әйтекемен бірге және ел тұтқасын ұстаған азаматтармен бірге жеті руға пір болып жіберіледі. Іргесі Керейт руы ішінде болады. Қосым қожаны керейт руынан шыққан қожа деу себебі осы. Негізі, Қосым қожа рухани пірі болған. Сүйегі-қожа. Мүсірәлі қожа Софы Әзіздің шығу тегі Пайғамбар Мұхаммедтің (сғс) немере ағасы әрі қайын атасы бірінші Халиф Әбубәкір Әссидихтың р.ғ және бүкіл түркі халқын ислам дініне кіргізуші әулие баба түкті Шашты Әзіздің тоғызыншы ұрпағы. Таза қожа әулетінен шыққан. Бұларды ел ішінде Әзіз қожа деп атайды. Әулиенің арабша жазылған дерегі әулиенің ұрпағы Умра қажылығын өтеуші Орынбет ишан мешітінің имамы Ғабдулла Ізатта сақталған.

Аралбай МӘМБЕТЖАНОВ,
«Майдакөл» аулы

СОҒЫС ЖӘНЕ ЕҢБЕК АРДАГЕРІ ЖҰМАБЕК МАСАҚБАЕВ

Қазақтың аға ұрпақ өкілдерінің көпшілігі кешегі аласапыран кезеңде қуғын-сүргінге ұшырап, елден жыраққа кетіп, қиындық қамытын мойнына іліп, ашаршылық зардабына ұшырады. Солардың бірі-Жұмабек Масақбаев ақсақал еді.

Жұмабек аға 1924 жылы «Тапа» учаскесінде дүниеге келген. 8 жасында әкесі қайтыс болған соң бұлардың отбасының күнкөрісі қиындай түседі. Ашаршылық белең алған сәтте әкесінің інісі Қалыбайдың отбасымен бірге көршілес Қарақалпақстан жеріне үдіре көшеді. Ол жақта да қиындық етекпен тартып тұрғанымен Қазақстанға қарағанда өмір сүруге мүмкіндік бар екен. Анасы диірмен тартуға жалданады. Ағасы Қалыбай Қарақалпақтарға жалданып жұмыс істейді. Осылайша отбасы мүшелері ептеп тойына бастайды. Өз-өздеріне келіп, ес жиған соң, елдегі жағдайдан хабардар бола отырып, туған жерге оралуды мақсат тұтады. Сөйтіп, 1935 жылы елге оралады. Анасы «Ди-хан» колхозына мүше болып, егіншілерге аспазшы болып қызмет атқарады. Жұмабек 11 жасында мектеп есігін ашады. Есейіп қалған бала сабақтан бос кезінде анасына қолғабыс береді. Осылайша олардың отбасы мүшелерінің қарындары тоғая түседі. Ол кездері тамақтың тоқтығынан артық байлық ойға келмейтінді.

1942 жылы Жұмабек Масақбаев мектептің 7 класында оқып жүргенді. Боз-бала жігіт соғыс қасіретін жанымен сезініп, ауылдағы қиын жағдайды бағамдайтынды. Мектеп оқушылары үлкендермен бірге егіс даласында майдандағы жауынгерлерге азық-түлік дайындаудың алғы сапында жүретін. Жауапкершілік жүгін мойынға жастай артқанды. Ауыр жұмысқа төселіп қалған бұларға да соғысқа шақыру қағазы келе бастады.

Жұмабектер алғашқыда Түрікмен ССР-нің астанасы Ашхабад қаласында соғыс қаруымен оқу-жаттығу жұмыстарына қатысты. Тәртіп қатал. Атыс қаруын тез меңгеру басты міндет. Ашхабад қаласында 29-шы дивизияның 100-ші полкі жасақталды. Бұл айрықша атқыштар полкі деп аталды. Олай дейтіні полкке кілең ұзын

бойлы жастар іріктелген. Жұмабектің бойы 190 сантиметр, салмағы 92 келі болған.

Жұмабек Масақбаевтар алғаш рет Сталинград майданында соғысқа араласты. Қанды шайқастан аман қаламын деу ешкімнің ойына келмейді. Барлық жауынгерлер майданның алғы шебінде жаумен жан аямай шайқасады. Сталинград



майданындағы ерлігі үшін Жұмабек «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. Осылайша батыл жауынгер жорық жолдарында көптеген елдерді жаудан азат етуге қатысады. 1945 жылы жарақат алуына байланысты елге оралады. II-топтағы мүгедектің жарақаты 1947 жылға дейін жазылмайды. Жарақатына қарамастан 1948 жылы Нұралы қызы Шекермен бас қосады. Сол жылы немере ағасы Рыстығұлдың ақылымен «Қазақстан» колхозының жылқышысы болып жұмысқа қабылданады. Қарақұмдағы айтулы жылқышылардың бірі болады. Еңбек озаты атанады.

Басшылардың мадақтауын иеленеді. Оның үстіне бие байлап, қымыз ішіп, денсаулығын түзейді. Деседе соғыстан алған жарақаты 1963 жылы қатты сыр береді. Алматыға барып 2 ай емделеді. Қырым түбегіндегі Ялта қаласындағы денсаулық сақтау орнында ұзақ 6 ай емделіп, денсаулық жағдайына алаңдайды. Сөйтіп, ұзақ жылдар денсаулығын күйіттей жүріп, 70 жасында өмірден озады. Зайыбы Шекерде отағасынан кейін 74 жасында дүниеден қайтты.

-Әкеміз мейірімді, жомарт, қонақжай адам еді,-деп еске алады баласы Аман Жұмабек. – Біздің отбасының жанында 4 кейуана тұрды. Балалары жоқ, шалдары қайтыс болған. Соларды қамқорлыққа алды. Колхоздан көлік сұрап алып, отын, суын, шөбін түсіріп беретін. Малдары жоғалса тауып беретін. Қонақ келгенде кей күндері үйімізде 2 рет мал сойылып, екі рет ет асылатын. Әкем «Қонақ есіктен кірсе, қыдыр тесіктен кіреді» деп отыратын. Ол кездері аудандық автотранспорт кәсіпорнының жүргізушілері күн ыстық күндері малшылар қыстауына шөп тасиды ғой, соларға «шөлдеп келдіңдер ғой», -деп қымыз, шұбат, шәйін ұсынып бәйек болатын. Жоқ деп айтпа, жоқ деген бізге жақпайды дейтін жарықтық.

Әкеміз ағайын арасындағы дауды шешетін. Кейбір шопандар арақ ішіп, қойын қораға қамап қойып басшылардың көзіне түсіп, жұмыстан шығарамыз дегенде араға түсіп, кешірім алып берген. Шүкір, әкеміздің ұрпақтары жоғары оқу орны бітіріп, мұғалім, заңгер, дәрігер мамандықтарын меңгерді. Түрлі салада қызмет атқарады.

Бүгінде әкеміздің 20 немересі, 50 шөбересі, 10 шөпшегі бар,-деп сөзін аяқтады баласы Аман.

Биылғы жылы соғыс және еңбек ардагері Жұмабек Масақбаев пен жары Шекер 100 жасқа толады. Осыған орай ұрпақтары ата-аналарына кең көлемде ас беріп, ат бәйгесін ұйымдастырып, спорттық шаралар, өнер сайысын өткізуді мақсат тұтып отыр.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық – еліміздің болашағына, халықаралық беделіне, ұлтымыздың қауіпсіздігіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Сондықтан да жемқорлықпен бірлесе күресу баршамыз үшін маңызды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – осы зұлымдықпен күресу. Күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар болып бастап, оған қоғам болып қарсы тұруымыз қажет.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру, жемқорлықтың

себептері мен жағдайларын анықтау, оны жоюға бағытталған жүйелі жұмысты жолға қоюдың маңызы зор және қажетті жұмыстар атқарылуда.

Өркениетті дамытқысы келетін, ортасын құрметтейтін әр азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі. Бұл кеселдің қоғаммен бірге құлаш жаймауына өз үлесімізді қосуымыз, тосқауыл болуымыз біздің басты парызымыз.

Еліміздің амандығы мен дамығанын, бәсекеге қабілетті мықты елдер қатарында болғанын қаласақ, сыбайлас жемқорлықты жоюға бірге атсалысуымыз қажет.

Өміртай ӨТЕП-ӘЛІ,
«Бірлік» ауылдық округінің әкімі

«ЖАСТАР КЕРУЕНІ» ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА

Қазалы ауданының әкімдігі мен аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен қолдау тауып келе жатқан «Жастар керуені» әлі де жалғасын табуда. Бұл жоба 21 ауылдық округтерде өткізіледі.

Әлеуметтік жобаның негізгі мақсаты – ауыл жастары мен қала жастарының арасына байланыс орнату, ауыл тұрғындарына мемлекеттік саясатты түсіндіру, жастарды қолдау, ел игілігіне арналған қызметтер мен мол мүмкіндіктерді ұсынатын мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды насихаттау, жастарға қоғамдағы өзекті мәселелер бойынша ақпараттық көмек көрсету болып табылады.

«Жастар керуені» әр апта сайын аудан өнерпаздарымен бірге ауылдық округтерде болып, мәдени іс-шаралар, спорттық ойындар өткізіп, тұрғындардың жоба аясында ұсынылатын мемлекеттік бағдарламалармен таныстыруда. Жастардың бос уақытын тиімді үйлестіру бағытында NEET санатындағы жастармен жұмыс



жүргізуде. Қазіргі уақытта NEET санаты деп аталатын жастарды қолдау жөніндегі шараларға ерекше назар аударылып келеді.

Жастар – болашақтың жарқын бейнесі! Кез келген ел өзінің келешегін болашақ ұрпағымен байланыстырады. Еліміздегі жас буын өкілдері мемлекетіміздің жаңа келбетін қалыптастырады. Қазіргі таңда жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде озық идеялармен көзге түсіп, еліміздің дамып, өркендеуіне үлкен үлес қосып келеді. Сондықтан әрқашан жастарға қолдау білдіру қажет.

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

ЭХИНОКОККОЗ

(жылауық құрт)

Жылауық құрт кеселі (эхинококкоз) – адам мен мал ағзаларына құрт ұрықтарының түсуінен пайда болатын, үй жануары арқылы тасымалданып, паразитті ауру. Ол көбінесе аңдар мен ауыл шаруашылығы малдарынан, ит, мысықтардан жұғады. Көзге әрең көрінетін жылауық құртының ұзындығы 2 мм ден 1 см-ге дейін болады. Олар иттің, қасқырдың, түлкінің ащы ішегінде өсіп өнеді де, солардың дәреті арқылы суды, шөпті, жерді ластайды және қоршаған ортада ұзақ уақыт өсу қабілетін жоғалтпай сақтайды. Бұл құрттар адам ағзасына аң терілерін пайдаланғанда, ит пен мысықты ұстағанда қолға жабысады да қолды жумай тамақ ішкенде, бұлақтар мен өзен суларын қайнатпай ішкенде адам ағзасына түседі. Егер, паразит тамақпен бірге ағзаға түссе, бауыр эхинококкозы, егер ауа арқылы тараса, өкпенің эхинококк өсіндісі дамиды. Эхинококк өсіндісі – бұл паразиттің дамуындағы соңғы кезең болып табылады.

Асқазанға түскен жылауық құрттың ұрығы сыртқы қабығынан айырылып ішек қатпарларына өнеді, содан әрі қан тамырларына түсіп бауыр, өкпе, бүйрек, ми және басқа ағзаларға барып ұялайды. Уақыт өткен сайын ұялаған жерінде жылауық құрт өсіп өне бастайды. Олар көп ұялы және бір ұялы болып бөлінеді. Жылауық құрт қалтасы өсіп, сырқаттың белгісі біліне бастайды, құрт өскен жердегі ағзаның қызметі бұзылады. Егер науқас адам уақытында дәрігерге көрініп ауруын анықтап емделмесе, уақытылы ота жасатып тез арада жылауық құрт қалтасын алдырып тастамаса, ол ұлғая келе жарылып, науқастың өміріне қауіп келтіреді.

Ал, енді осы ауруға шалдықпаудың жолдары бар ма? «Сақтансаң сау боларсың» - дейді халқымыз.

Қандай алдын алу шараларын қолға алу қажет?

Бірінші кезекте, жеке гигиенаға, әсіресе, қол тазалығына аса көңіл бөлу қажет. Екіншіден, үй жануарларын, ауылдық жерлерде ірі қара малды ішек құрттарынан тазарту шараларын атқару қажет. Жануарлар уақытылы ветеринарлық тексеруден өткізіліп, олардың қалдықтары жойылуы, жануар өнімдері жеткілікті мөлшерде термиялық өңдеуден өткізілуі қажет (флюорография,

ультрадыбыстық зерттеу).

Ветеринарлық қызметтің жұмысын жақсартып, үй жануарларының эхинококкоз ауруын жұқтыруын бақылауға алу, бұралқы иттер мен мысықтардың санын азайту, тұрғындардың өмір сүру дағдысын, санитарлық білімі мен жеке гигиенаны сақтау мәдениетін арттыру қажет.

Тазалық мұқият сақталған жерде аурудың болуы мүмкін емес. Көп жылғы тәжірибелерге қарағанда бұл ауру мал шаруашылығымен айналысатын кісілердің арасында жиі кездеседі. Аталған аурудың нағыз таратушы көзі ит пен мысықтар екенін жоғарыда айтып өттік. Бір ауру итте 200 мыңға жуық жылауық құрттың ұрықтары болады. Ал сырқат ит күніне қоршаған ортаға яғни үйдің айналасына, аулаға, сәкіге мыңдаған жұқпалы жылауық құрт ұрықтарын шашады. Ол ұрықтар шөптер мен су арқылы малға, тамақ пен су арқылы адамға жұғады.

Ауру таратушы иттерді бұл аурудан сақтандыру жолдары қиын емес

Ол өлген малдардың етін, үйде сойылған малдардың жылауық құрт ұясы орналасқан ағза мүшелерін, өкпе, бауырларын ит пен мысықтарға жегізбей терең шұңқырларға көміп немесе өртеп жіберген дұрыс. Асыранды иттерді аулада байлап ұстау, нәжістерін өртеп жіберу, жыл сайын мал дәрігерлеріне тексертіп тұру, дәрі беру арқылы құрттардан тазартып тұру керек.

Ал жеке бастың алдын алу шараларына келсек: балаларды итпен ойнатпау, өз ыдыстарынан тамақтандырмау және иттің олардың беті-қолдарын жалауын болдырмауын қадағалап отыру керек. Өйткені ит, мысық үй жағдайында таза ұсталынса да, олардың жүнінде құрттың жұмыртқалары жүреді. Тағамға жуылмаған көкініс, жемістерді, жабайы өскен шөптер мен бүлдіргендерді қолданбау керек. Ашық су қоймаларынан қайнатылмаған суды ішпеу қажет. Осы ереже тәртіптерін үлкендердің өздері де орындауы қажет.

Тазалық-денсаулық кепілі. Сондықтан барлық жерде тазалық сақтайық!

Муаззам РАХМЕТОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.